

Бекітемін:
ҚПК төрағасы
_____ В.С. Школьник
«__» _____ 2019 ж.

Қазақстан Пагуош комитетінің Жастар бөлімі туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Қазақстан Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары академиясының (бұдан әрі – ҚазҰЖҒА) құрылымдық бөлімшесі болып табылатын Қазақстан Пагуош комитетінің (бұдан әрі – Комитет) Жастар бөлімі (бұдан әрі – Бөлім) ҚазҰЖҒА және Қазақстан Республикасының басқа да ғылыми ұйымдары мен жоғары оқу орындарының ғылыми-әдістемелік басқаруындағы мекемелердің студенттерінің, жас ғалымдары мен мамандарының «Пагуош ғалымдар қозғалысы» (Pugwash Conferences on Science and World Affairs) халықаралық үкіметтік емес ғылыми ұйымымен және Халықаралық студенттік және жастар Пагуош қозғалысымен (International Student/Young Pugwash) халықаралық ғылыми байланысын дамыту және бекіту мақсатында құрылды.
- 1.2. Бөлімнің заңды тұлға мәртебесі жоқ, Комитет жанынан құрылған, Комитеттің консультативтік-кеңесші органы ретінде әрекет етеді.
- 1.3. Бөлім өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Комитет туралы ережені, Комитет шешімдерін, Комитет қаулыларын, Пагуош ғалымдар қозғалысының және Халықаралық студенттік және жастар Пагуош қозғалысының жарғылық және бағдарламалық құжаттарын және осы Ережені басшылыққа алады.
- 1.4. Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша білім алушы немесе Жоғары білім беру және ғылыми мекемелерінде ғылыми және педагогикалық қызмет атқаратын, ҚазҰЖҒА жарғысын, Комитет туралы ережені және осы Ережені мойындайтын және Пагуош ғалымдар қозғалысы мен Халықаралық студенттік және жастар Пагуош қозғалысының мақсаттары мен міндеттеріне ортақтасатын Қазақстан Республикасының 35 жастан аспаған азаматтары Бөлім мүшелері бола алады.
- 1.5. Бөлім мүшелерінің Комитет төрағасының немесе Төраға орынбасарының келісімінсіз Комитет атынан сөйлеуге құқығы жоқ және Бөлім жұмысына жеке қатысады.
- 1.6. Бөлім өз қызметін Комитетпен және Халықаралық студенттік және жастар Пагуош қозғалысымен өзара іс-қимыл жасай отырып жүзеге асырады. Комитет келісімі бойынша, Бөлім ҚазҰЖҒА-мен, ҚазҰЖҒА-ның облыстар мен ғылым бағыттары бойынша бөлімшелерімен, ұлттық ғылыми кеңестермен, жоғары оқу

орындарымен, сондай-ақ басқа елдердің Пагуош ғалымдар қозғалысымен және Ұлттық Пагуош комитеттерімен өзара іс-қимыл жасайды.

- 1.7. Бөлім өз құзыреті шеңберінде мемлекеттік шетелдік мекемелермен, ұйымдармен, бұқаралық ақпарат құралдарымен ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асырады.
- 1.8. Комитет Бөлімге қажетті көмек көрсетеді, Бөлімнің іс-шараларын қаржылық, техникалық, ұйымдастырушылық және ақпараттық қамтамасыз етуге жәрдемдеседі.
- 1.9. Бөлімнің ресми атауы:
 - қазақ тілінде: Қазақстанның Пагуош комитетінің Жастар бөлімі;
 - орыс тілінде: Молодежное отделение Пагуошского комитета Казахстана
 - ағылшын тілінде: Kazakh Student/Young Pugwash.
- 1.10. Бөлімнің орналасқан жері – Нұр-сұлтан қ.
- 1.11. Бөлімнің қызметін Комитеттің ғалым хатшысы үйлестіреді.
- 1.12. Бөлім туралы ережені және ондағы кез келген өзгерістерді Комитеттің ғалым хатшысымен келісілген Бөлім төрағасының ұсынысы бойынша Комитет төралқасы бекітеді.

2. Бөлім қызметінің негізгі бағыттары

Өзінің негізгі міндеттеріне сәйкес, Бөлім:

- 2.1. Өз құзыреті шеңберінде негізгі міндеттерді іске асыруға ықпал етеді және Комитет қызметінің негізгі бағыттарына қол жеткізуге жәрдемдеседі;
- 2.2. Комитеттің және Халықаралық студенттік және жастар қозғалысының іс-шараларын дайындауға, ұйымдастыруға және өткізуге қатысады;
- 2.3. Баяндамалардың тақырыбын және Бөлім іс-шараларына қатысушылардың жеке құрамын бекітеді;
- 2.4. Бөлімнің құзыретіне жататын барлық мәселелер бойынша хат алмасу жүргізеді;
- 2.5. Комитет келісімі бойынша, Бөлім өкілдерін Халықаралық студенттік және жастар Пагуош қозғалысының басқарушы органдарының құрамына ұсынады;
- 2.6. Бөлім қызметінің негізгі бағыттары бойынша студенттердің, жас ғалымдар мен мамандардың ғылыми және ақпараттық ынтымақтастығын ұйымдастырады және үйлестіреді;
- 2.7. Қазақстандық ғылыми ұйымдардың, жоғары оқу орындарының және жекелеген жас ғалымдардың Бөліммен және Халықаралық студенттік және жастар Пагуош қозғалысымен байланыстарын орнатуға және дамытуға жәрдемдеседі;
- 2.8. Халықаралық студенттік және жастар Пагуош қозғалысының қатысушыларымен ғылыми әдебиетпен және ақпаратпен алмасуға ықпал етеді;
- 2.9. Комитетті, сондай-ақ мүдделі мекемелер мен ұйымдарды Бөлімнің шешімдері және Бөлім өткізген іс-шаралар туралы, Халықаралық студенттік және жастар

Пагуош қозғалысының қызметі туралы хабардар етеді, Комитетке Бөлім мүшелерінің баяндамалары мен Бөлім іс-шараларының материалдарын жібереді;

- 2.10. Пагуош ғалымдар қозғалысы мен Халықаралық студенттік және жастар Пагуош қозғалысы қызметін танымал етуге ықпал етеді

3. Бөлім құқықтары

Комитет хатшысының келісімі бойынша, Бөлім белгіленген тәртіппен құқылы:

- 3.1. Комитетке, оның ішінде Комитеттің іс-шаралар жоспарына ұсыныстар мен ұсынымдар енгізуге;
- 3.2. Комитеттің, Пагуош ғалымдар қозғалысы мен Халықаралық студенттік және жастар Пагуош қозғалысының іс-шараларына қатысуға;
- 3.3. Халықаралық, ұлттық және өңірлік конференцияларды, симпозиумдарды, оқуларды, семинарларды, дөңгелек үстелдерді, шетелдік делегациялар мен жекелеген ғалымдардың сапарларын, сондай-ақ Комитет пен Бөлім қызметінің негізгі бағыттары шеңберінде мемориалдық және мерейтойлық іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысуға;
- 3.4. Студенттер мен жас ғалымдар үшін Комитет мүшелерінің, Бөлім мүшелерінің, басқа ғалымдар мен мамандардың дәрістерін ұйымдастыруға;
- 3.5. «Интернет» ақпараттық-телекоммуникациялық желісінде Комитеттің ресми сайтында тиісті бөлімді иеленуге;
- 3.6. «Интернет» ақпараттық-телекоммуникациялық желісін пайдалана отырып, бейнеконференциялар мен өзге де іс-шаралар мен жобаларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысуға;
- 3.7. Комитеттің ғылыми-редакциялық және ғылыми-баспа қызметіне қатысуға;
- 3.8. Комитет мүшелерінен, Бөлім мүшелерінен, жекелеген ғалымдар мен мамандардан Комитет, Бөлім, Пагуош ғалымдар қозғалысы және Халықаралық студенттік және жастар Пагуош қозғалысы өткізетін конференцияларда және басқа да іс-шараларда сөз сөйлеу үшін дайындалған баяндамаларының тезистері мен мәтіндерін сұратуға;
- 3.9. Бөлім мүшелерін, басқа жас ғалымдар мен мамандарды Комитеттің құрмет грамоталарымен, дипломдарымен және алғыс хаттарымен марапаттауға ұсыныс жасауға және ұсынуға.

4. Бөлім қызметі

Бөлім өз қызметін келесі жолдармен жүзеге асырады:

- 4.1. Өз отырыстарында тиісті мәселелерді қарау арқылы;
- 4.2. Ғылыми халықаралық, республикалық және өңірлік іс-шараларды (конференциялар, сессиялар, оқулар, симпозиумдар, семинарлар, дөңгелек

үстелдер кеңестері, шетелдік делегациялар мен жекелеген ғалымдардың сапарлары), мерейтойлық және мемориалдық отырыстарды, сондай-ақ «Интернет» ақпараттық-телекоммуникациялық желісін пайдалана отырып, конференциялар мен өзге де жобаларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысу, сондай-ақ Бөлім мүшелерінің Комитет басшылығы мен хатшысының шешімдерін, Бөлім төрағасының тапсырмаларын орындауы арқылы;

- 4.3. Бөлім отырысы қажеттілігіне қарай өткізіледі, бірақ жылына кемінде бір рет өткізілуі тиіс.
- 4.4. Бөлім отырысқа мүшелерінің кемінде жартысы қатысқан жағдайда, мәселелерді қарауға және шешім қабылдауға құқылы; Бөлім шешімдері ашық дауыс беру жолымен қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады және отырыс төрағасы мен хатшысының қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.
- 4.5. Отырыстар арасындағы кезеңде Бөлім жұмысына басшылықты Бөлім төрағасы, төраға орынбасары және хатшысы құрамымен Бөлімнің басқарушы органы жасайды.
- 4.6. Бөлім төрағасы, төраға орынбасары және хатшысы арасындағы міндеттерді Комитет хатшысының келісімі бойынша Бөлім төрағасы бөледі.
- 4.7. Бөлім белгіленген тәртіппен Бөлім құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Комитет басшылығымен, Пагуош ғалымдар қозғалысының Халықаралық хатшылығымен, Халықаралық студенттік және жастар Пагуош қозғалысының Атқарушы кеңесімен, басқа елдердің ұлттық Пагуош комитеттерімен, басқа мекемелер мен ұйымдармен, бұқаралық ақпарат құралдарымен жедел өзара іс-қимыл жасайды.
- 4.8. Бөлімнің басқарушы органының отырыстары кемінде тоқсанына бір рет өткізіледі және отырысқа мүшелерінің кемінде жартысы қатысқан жағдайда, оның құзыретіне жататын мәселелерді қарауға және шешім қабылдауға құқылы; Бөлім отырысының шешімдері ашық дауыс беру жолымен қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады және Бөлім төрағасы мен хатшысының қолы қойылған хаттама түрінде ресімделеді.
- 4.9. Бөлімнің және Бөлімнің басқарушы органының отырыстарына Комитет мүшелері, сондай-ақ ғалымдар мен басқа да мамандар, оның ішінде Комитет пен Бөлім мүшелері болып табылмайтын жас мамандар да шақырылуы мүмкін.
- 4.10. Бөлімнің және Бөлімнің басқарушы органының отырыстары «Интернет» ақпараттық-телекоммуникациялық желісінің техникалық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, бейнеконференция түрінде өтуі мүмкін.
- 4.11. Бөлім жыл сайын белгіленген тәртіппен Комитетке Комитеттің алдағы жылға арналған жұмыс жоспарына ұсыныстар және Комитет басшылығы бекітетін ағымдағы жылдағы қызмет туралы есепті ұсынады.

5. Бөлім құрамы мен құрылымы

- 5.1. Бөлім төрағадан, төраға орынбасарынан, хатшыдан және Бөлім мүшелерінен тұрады.
- 5.2. Бөлім төрағасын Комитет хатшысының ұсынысы бойынша Комитет басшылығы бекітеді. Бөлім төрағасын белгіленген тәртіппен ҚазҰЖҒА Төралқасының шешімімен Комитет мүшесі бекітеді.
- 5.3. Бөлім төрағасы Комитетте және Халықаралық студенттік және жастар Пагуош қозғалысында Бөлімге өкілдік етеді.
- 5.4. Бөлім құрамын Комитет хатшысымен келісілген Бөлім төрағасының ұсынысы бойынша, Комитет басшылығы үш жыл мерзімге бекітеді. Комитет төрағасының шешімі бойынша, Бөлім құрамының өкілеттігі үш жылдық мерзім өткеннен кейін, бір жылдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін. Бөлім құрамындағы кез келген өзгерістерді Комитет хатшысымен келісілген Бөлім төрағасының ұсынысы бойынша, Комитет басшылығы бекітеді.